

# «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу ережелері (бұдан әрі – Слет) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

3. Слеттің міндеттері:

1) ізгі ниетті, ашық және көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу;  
2) балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тарту;

3) тәжірибелік және зерттеу қызметіне қызығушылық танытушы білім алушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету;

4) білім алушылармен туристік-өлкетану жұмысының дәстүрлі формаларын сақтау және жетілдіру, инновациялық формалары мен әдістерін дәріптеу;

5) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі қамтылуын көтеруге жағдай жасау.

4. Слетті Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша **күндізгі (офлайн) форматында** өткізеді.

5. Слетті ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

## 2. Слетті өткізу уақыты мен орны

6. Слет **2023 жылғы 28-29 қыркүйекте** өткізіледі. Қатысушылардың келу уақыты - 2023 жылғы **27 қыркүйек**, кету уақыты – 2023 жылғы **30 қыркүйек**.

Өткізу орны: **Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.**

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасына **2023 жылғы 5 қыркүйекке дейін** қабылданады.

7. Хатқа қоса тіркеледі:

1) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, үй мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыс атауы, Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, топ жетекшісінің ұялы телефондары);

2) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8. Слет қорытындылары, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2023 жылғы 10 қазанда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

9. Әр облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары делегацияларының мерекелік формасы, айырым белгілері (гластуктері, кепкалары, бейсболкалары,

эмблемасы), далалық және спорттық формасы, қосымша киім, аяқ киім және жеке гигиена заттары болуы қажет.

### **3. Слетке қатысушылар**

10. Слетке облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдердің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Жалпы қатысушылардың саны – **180** адам (әр өңірден – **9** білім алушыдан). Қатысушылардың жасы: 12-17 жас аралығындағы білім алушылар. Слет өткізу кезінде өңір қатысушылардың жалпы санына кірмейтін 1 (бір) еріп жүрушіні жібереді.

11. Слет өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұратын жеріне қайтар жолда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармасы белгілеген топ жетекшісі жауапты болады.

Топтың әрбір қатысушысы іс-шара өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өз заттарының сақталуына жауапты болады.

12. Топ жетекшісінде келесі құжаттар болуы тиіс:

1) Слеттің республикалық кезеңіне қатысу үшін білім алушылар мен топ жетекшілерін жіберу туралы білім басқармасы басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (білім алушының Т.А. (толық), туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, үй мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыс атауы, Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, жарысқа қатысушы жетекшісінің ұялы телефоны);

3) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (куәлік (паспорт) немесе топ қатысушылары мен басшысының туу туралы куәлігі;

4) дәрігердің қолымен және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) қатысушылардың ата-аналарының нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

### **4. Слетті өткізу тәртібі және шарты**

13. Слет екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Слет;

аудандық (қалалық) Слет;

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық Слет.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Слет.

14. Слеттің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

15. Байқау санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

16. Слет келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

## **I. Өлкетану блогы.**

1) «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша іздеу-зерттеу жұмыс жобалары екі бағытта таныстырылады.

**1. Халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптар мен мәдениет** – туған өлке мәдениеті, әдебиеті, өнері, халық шығармашылығы, тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерттеуге және қорғауға қатысу туралы; ауызша халық шығармашылығының бай мұрасы, республикада тұратын халықтардың салт-дәстүрлері туралы; мектеп мұражайларын ашу туралы; тұрмыстық заттар, киім-кешек, ұлттық тағамдар дайындау туралы; қызықты адамдармен, әдебиет, музыка, театр, кино, бейнелеу өнері қайраткерлерімен кездесулер туралы (**1 қатысушы**).

**2. Туризм-спорт, денсаулық, демалыс** – далалық және санаттық жорықтарға, бір күндік және көп күндік саяхаттар мен экспедицияларға қатысу туралы, ауданда, қалада, тұрғылықты жерінде туристік слеттерге, жарыстарға, жорықтарға қатысу туралы (**1 қатысушы**).

Слайдқа қойылатын талаптар: презентациядағы слайдтар саны 20-дан аспауы тиіс. Әрбір слайдтың тақырыбы, бейнелеуі (фото, сурет, сызба және т.б.) және мәтіні болуы тиіс. Мұқаба парағында келесі ақпарат болуы тиіс: номинация аталуы, қатысушының аты-жөні, жасы, e-mail, қатысушы жетекшісінің аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, аудан, қала, ауылы.

Жобаны қорғау кезінде жұмыстың авторына 7 минут беріледі, ол осы уақытта: жұмыстың мақсатын;

тақырыптың өзектілігін;

қойылған мақсатқа жету әдістерін;

нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығын;

жұмыстың негізгі қорытындыларын айтуы қажет.

Жобаны қорғағаннан кейін қазылар алқасының әрбір мүшесі бағалау парағын толтырады, байқау жұмыстарын бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша балл қояды.

## **II. Туристік блок.**

2) «Туристік кедергілер жолағы» номинациясы – үш кезеңнен тұратын туристік кедергілер жолағынан өту бейнероликтер байқауы:

1) аспалы өткел;

2) параллель таяныштар;

3) маятник.

Команда құрамында 4 адам (3 ұл және 1 қыз) талаптарға сәйкес кедергілер жолағынан өтеді.

### **Бағалау өлшемдері:**

кедергілер жолағының барлық элементтерін сапалы орындау;

жолақтардан өту уақыты;

техникалық талаптарға сәйкестігі;

бейнефильмнің дыбысы мен бейнесінің сапасы;

барлық кезеңдердің айқын көрінуі.

3) «Жартасқа шығу» номинациясы жартасқа шығу жарысы «жылдамдық» және «қиындық» түрі бойынша жартасқа шығу жарыстарын өткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі. Топ жасанды рельефтегі трассадан өтеді. Топ құрамы - 2 қатысушы (1 ер бала + 1 қыз бала).

Жарыс қорытындысы қатысушылардың қашықтықты ең қысқа мерзімге өтуіне қарай әр түрі бойынша бөлек шығарылады. Керекті құрал-жабдықтар:

сақтандыру құралы (төменгі бөлігі-беседка), арнайы аяқ киім (скальные туфли), магnezия.

### **III. Шығармашылық блок.**

**4) «Туристтік әндер» байқауы.** Орындау уақыты – 5 минуттен артық емес. Әр өңір бір (**1 қатысушы**) нөмірден көрсетеді. Негізгі музыкалық аспап – домбыра, гитара.

Театрландыру және сахналандыру элементтеріне жол беріледі. Фонограммамен орындауға жол берілмейді. Байқауға қатысуға нормативтік емес лексика, қорлау сипаты бар, адам құқықтарын таптаушы, діни және ұлттық араздық тудырушы шығармалар жіберілмейді.

#### **Бағалау өлшемдері:**

туристік әнге сәйкестігі;  
сахналық мәдениеті;  
вокалдық қабілеттері;  
орындау шеберлігі;  
аудиториямен байланыс;  
орындау мәнерлілігі және эмоциялығы;  
орындаушының сырт келбеті.

## **5. Слеттің қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

17. Кәсіби қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Слеттің бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді.

18. Слет қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Слетке қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

## **6. Слетті қаржыландыру**

19. Аудандық, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы Слет кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

20. Слетке қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге бару және кері қайту жол ақысы және жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

#### **Топ жетекшісінің іс-сапар ақысын төлеу-жіберуші тарап есебінен.**

21. Республикалық Слетті өткізу және ұйымдастыру, Слет кезіндегі қатысушылардың (топ жетекшісін қоспағанда) жатын орны және тамақтануына шығыстар Республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

Анықтама телефоны: 8(7172) 647589, 87072312384.

Ережеге қосымша

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың  
республикалық слетіне қатысуға өтінім

Қатысушының Т. А.	Туған күні	Білім беру ұйымы, сынып	Тұрғылықты мекен- жайы, электрондық пошта, телефон	Жоба басшысының байланыс телефоны, электрондық поштасы
I. Өлкетану блогы. «Жас өлкетанушы» (2 қатысушы)				
1. Халықтық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және өнер (1 қатысушы)				
2. Туризм, спорт, денсаулық, демалыс (1 қатысушы)				
II. Туристік блок. «Туристік кедергілер жолағы» (4 қатысушы)				
«Жартасқа шығу» (2 қатысушы)				
III. Шығармашылық блок. «Туристік әндер» байқауы (1 қатысушы)				